




Қамқоршылық кеңесінің ЕРЕЖЕСІ

Қамқоршылық кеңесі – білім беру мекемесін басқарудың қоғамдық әдісі. Бұл мемлекеттік емес, үкіметтік емес, қоғамдық, бейкоммерциялық, білім берудің және нақты білім беру мекемесінің дамуына мүдделілерді өз еркі негізінде біріктіретін ұйым.

Жалпы ережелер

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Ата-заңына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына, Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік ережелеріне және Қазақстан Республикасының басқа ережелі-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

Қамқоршылық кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасын, Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бекітілген 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығын, сонымен қатар Колледж жарғысын негізге алады. Қамқоршылық кеңесі әлеуметтік серіктестікті кеңейту және кәсіптік білім беру жүйесінде басқарудың қоғамдық-азаматтық әдістерін дамыту, колледжге білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуге көмектесу мақсатында Колледж әкімшілігінің бастамасымен және Педагогикалық кеңес шешімі негізінде құрылады. Қамқоршылық кеңесі заңдық тұлға болып саналмайды. Қамқоршылық кеңес құрылымының тәртібі, өкілеттілігі, мақсаттары, құқықтары Колледждің қамқоршылық кеңес пен Педагогикалық кеңес шешімімен бекітілетін осы Ережемен анықталады. Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқару органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке немесе

өзара әрекет жасайды. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкілеттілігін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

Қамқоршылық кеңесінің негізгі міндеттері мен мақсаты

- ✓ Колледждің даму стратегиясын, сонымен қатар олардың іске асырылуына, дамуына бағытталған ұсыныстар, бағдарламалар, жобалар;
 - ✓ Колледждің оқу, ғылыми және әлеуметтік-тұрмыстық нысандары құрылысына, жабдықтар, құралдар, ұйымдастыру техникасы құралдарын сатып алуға көмектеседі.
 - ✓ Студенттердің тәжірибеден өтулері мен Колледж бітірушілерін жұмыспен қамтуды ұйымдастыруға көмектеседі.
 - ✓ Әлеуметтік жағдай төмен отбасылардан шыққан білім алушылардың мүдделерін әкімшілік тарапына ұсынады.
 - ✓ Тәуелсіз бақылаушы ретінде емтихандарға қатысып, заң бұзушылықтың алдын алуға өз үлестерін қосады.
- Атап айтқанда жарғылық функцияларының іске асырылуына, қаржылық қолдауды, материалдық – техникалық базасының нығайтуына көмектесу, сондай – ақ оның қызметіне қоғамдық бақылау жүргізу

Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді:

- ✓ жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
- ✓ жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестіктердің өкілдері;
- ✓ ата-аналар комитеті ұсынған білім алушылардың ата-аналары немесе заңды өкілдері;

Қамқоршылық кеңестің жоспары

№	Іс - шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Қамқоршылық Кеңесін құру -төрағасын, орынбасарын, хатшысын және құрамын сайлау -жұмыс жоспарын бекіту -отырыстарын өткізу	Қазан Токсан сайын	Колледж директоры
2	Қайырымдылық көмек қажет ететін студенттер базасын құру	Қазан	Қамқоршылық кеңес мүшелері
3	Колледждегі жетім және ата- анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес және көп балалы отбасынан шыққан студенттерді бақылау және оларға көмек беруді ұйымдастыру	Қараша Желтоқсан	Қамқоршылық кеңес мүшелері
4	Колледждің дамыту жұмысына қайырымдылық көмек көрсету мақсатында демеушілерді, колледж гүлектерін тарту	Желтоқсан, Қаңтар	Қамқоршылық кеңес мүшелері
5	Бюджеттен тыс шағын кәсіпкерлерді колледждің базасын дамытуға көмек беруге тарту	Ақпан, Наурыз	Қамқоршылық кеңес мүшелері
6	Жаңа жыл мерекесіне орай ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес және көп балалы отбасынан шыққан студенттерге қайырымдылық жәрмеңкесін ұйымдастыру	Наурыз, Сәуір	Қамқоршылық кеңес мүшелері
7	Колледж оқытушыларынан қайырымдылық көмек акциясын ұйымдастыру	Қаңтар, Мамыр	Қамқоршылық кеңес мүшелері
8	Ата –аналар тарапынан қайырымдылық акциясын ұйымдастыру	Қаңтар, Мамыр	Қамқоршылық кеңес мүшелері
9	Қорытынды есепті тыңдау	Маусым	